

күрес тақырыбымен, стильдің қарапайымдылығымен және ер мінезділігімен 19 ғасырдың екінші жартысындағы кейінгі демократиялық поэзияны алдын ала көрсетті. Ол қазақ халқының озық өкілдері көрсеткен азаматтық қаһармандық ерліктің ескерткіші ретінде өзінің тарихи және әдеби мәнін мәңгі сақтайды. Ол өзінің идеялық-эстетикалық үнін жоғалтпай, барлық асқақ, әдемі нәрселерге жауап беретін адамдардың санасын әлі ұзақ уақыт бойы жаулап алады және бағындырады.

Халық азаттығы жолындағы жалынды күрескер, отты ақын, асқан қайратты, қайсар рухты, ерік-жігерін жаулармен кескілескен шайқастар, олардың қыңыр қуғын-сүргіндері сындыра алмаған Махамбет нағыз патриот – өз заманының алдыңғы қатарлы тұлғалардың бірі болды.

Махамбет өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елінің тәуелсіздігін, азаттығын аңсады:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім...

Махамбеттің бұл арманы бүгінде орындалып отыр. Бүгінде Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз, өз болашағын өзі қалыптастырып отырған ел. Тәуелсіздік алған мерзімнің ішінде мемлекетіміз біршама жетістіктерге қол жеткізді. Қазақ тілінің мың оралымдығы, қасиетін ұғындыруда ақын жырлары – ұрпақ тәрбиесінде құнсыз дедактикалық материалдар. Махамбеттің Исатай бейнесін көркем сомдауы, халық кегінің жолында көтеріліске шақыру болашаққа, келер ұрпаққа деген нық сенімі жыр жолдарында өте көркем берілген. Ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін түсіне отырып оқыту қажет.

Біздің парызымыз – осы тұлғаны ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей мәңгілікке сіңіру Махамбет өлеңдері барша елдік, ерлік қуатымен, көркемдік құнарымен шетелтілдеріне аударылса, әлем халықтары сүйіп оқитын қымбат шығарма, қазақтың тілін, ерлігін танытатын асыл қазына болары анық. Бүгінде республика мектептері мен жоғары оқу орындарында «Махамбеттану» бағытында біршама танымдық-тәрбиелік шаралар іске асып жатыр.

Махамбет поэзиясында оқушыларды жақсы өнеге, адамгершілікке үндеген терең философиялық түйін, парасатты ой, қайсарлық пен нәзіктік аз емес. Оқыту үрдісінде оларды тәрбиелік мақсаттарға ұтымды пайдалана білу, өскелең ұрпаққа дәйектілікпен жеткізе білу – негізгі мақсатқа айналмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті: тарихы және теориясы. — Алматы: Қайнар, 1991. — 320 б.
2. Әуезов М. Махамбет. — Алматы: Жазушы, 1974. — 210 б.
3. Шамұратов Т. Исатай-Махамбет қозғалысы: тарихи деректер мен зерттеулер. — Алматы: Ғылым, 1999. — 280 б.
4. Сүлейменова З. Махамбет өлеңдеріндегі тұлға мен заман: тарихи және әдеби талдау. — Алматы: Мектеп, 2002. — 250 б.
5. Тұрсынов Қ. Қазақ әдебиеті: Махамбет және оның заманы. — Алматы: Атамұра, 2008. — 200 б.
6. Жұмалиев Қ. Махамбет және Исатай: Ағарту дәуірі және қазақ қоғамы. — Алматы: ҚазАқпарат, 2010. — 270 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗДАРЫ: ҰЛБӨБЕК УӘЛИХАН КЕЛІНІ МЕН ҚҰРАЛАЙ НАТУЛЛАЕВА

Серғазы Гүлназар

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Нұрбай Қ.Ж.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

gulnazarsergazy@gmail.com

Астана қ.

Тақырыпты алғандағы мақсатым: Тұлғатану Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне жатады. "Батырдың ұлты жайлы ізденуді доғарсаңыз, барлық жағдайыңызды жасаймыз" деген билік ұсынысы Құралай Натуллаеваны райынан қайтара алмады. Ала тақиялы ағайынның күллі сый-сияпат, қамқорлық құрметінен бас тартып, ұлттық мүддені бәрінен де жоғары қоя билген қазақтың қайсар қызының ерлігі қашан да ел есінен шықпауы тиіс. Оның өзбек үкіметі ұсынған атақ-марапатты мансұқ етіп, ақиқаттың ақ жолын таңдауын өз халқын шынайы сүюдің ұрпақтан ұрпаққа мұра болар нағыз патриоттық үлгі-өнегесі деп ұққан жөн.

Бірінші қайсар қызымыз – ол аты аңызға айналған Абылай ханның немересі Ғұбайдолла сұлтанның жұбайы Ұлбөбек. Ұлбөбек ханым туралы мағлұматтар өте аз, жоқтың қасы деп те айтсақ болады. Сондықтан да, Ұлбөбектің жұбайы Ғұбайдолла сұлтан туралы қысқаша ғана айтар болсақ ол Орта Жүздің ханы Уәли

ханның баласы. Ол қазақтың соңғы ханы, атақты Кенесары Қасымұлының (Кенесары да, Ғұбайдолла да Абылай ханның немерелері) Ресей мемлекетіне қарсы көтерілісін қолдағаны үшін 1839 жылы итжеккенге айдалып 8 жыл, 1847 жылға дейін, көтеріліс аяқталғанша Березов абақтысында қамауда отырады (бүгінде – Ресей мемлекетінің Ханты-Манси автономиялық округі). Ғұбайдолла сұлтанның жұбайы Ұлбөбек туралы айтар болсақ, ол 1844 жылы 11 жасар Қадиха есімді қызымен Көкшетаудағы елінен алыс қашықтықта жатқан Березов абақтысына күйеуімен жүздесу үшін барады, және Березовта қызы мен жұбайымен соңғы 3 жылды бірге өткізеді. Сонда Ғұбайдолла сұлтанның жасы 67-де болса, Ұлбөбек небәрі 34 жаста екен.[1]

Енді екінші кейіпкеріміз, Құралай Натуллаева жайлы айтар болсақ, ол әйгілі революционер Әліби Жангелдиннің қызы. Сабыр басқарған 37-дивизияның медициналық бөлімінде қызмет істеп, майдан даласында бірге жүрген. Өмір бойы күйеуінің аманатына адал болған, Сабыр Рақымовтың қазақ екенін дәлелдеуге бүкіл ғұмырын сарп еткен Құралай Натуллаева да тегін жердің қызы емес екені айдан анық. Текті жерден шыққан адам ғана тектілік танытады емес пе? Ол туралы Әкім Ысқақ былай: «Шерхан ақсақал Құралай Натуллаеваны Ташкенде өскен деген. Ол Әліби Жангелдиннің қызы екен. Қазақтың текті азаматының ұрпағы болғандықтан да шығар, Құралай апа өзінің мықтылығын паш етті. Генерал басқарған дивизияның медициналық бөлімінің жауынгері болған. Құралай апамыз қазақтың аяулы қыздарының бірі. Өмірінің соңына дейін күйеуінің атын көкке көтерген адал жар Құралай ападай-ақ болсын. Өзбек ағайындар Құралай ападан қатты қорыққан. Өйткені, одан Сабырдың қазақ екенін кез келген сәтте дәлелдеп, құпияны ашып қоюы мүмкін деп сескенген. Өзбекстанның Орталық партия комитеті де, Қауіпсіздік комитеті де бақылауда ұстаған. Арнайы үй беріп, содан аттап басқан ізін аңдып отырған», – дейді.

Құралай Натуллаеваның бізге жеткен экрандағы бейнесінде: «Ұзын біреу келе жатты. Сонда әкем: «Мына дию кім?» – деді. «Бұл – Сабыр деген қазақ», – деді Ақбаев. Папам танысып-біліскен соң: «Мынау менің қызым. Осыған бас-көз боласың. Сен Ұлы жүзсің, мен Орта жүзбін», – деді. Сонда Сабыр: «Мен сізді білемін, қара қыпшақ Қобыландының ұрпағысыз. Мақұл», – деп, мені тоқал қылып алды», – деп қысқаша қайырады. Екінші жары Құралай Натуллаевадан бір ұл, бір қызы болған. Құралай апамыздың Сабыр Рақымовты танытудағы еңбегі зор. Майданда күйеуінің жанында бірге жүрген. Ұлдарының аты Рахметолла (оны Роман деп атап кеткен), қыздарының есімі – Дарико. Ұлы Роман мен Құралай апа ең соңғы рет елге 2006 жылдың 17 мамырында келген. Роман аға да батыр тұлғалы кісі. 1971 жылдан бері Мәскеуде тұрады. Алғашында Ташкентте, кейіннен Мәскеуде жұмыс істеген. Қазір зейнетте, үш қызы бар. Дарико әкесінің майдандас досы армия генералы П.И.Батовтың келіні болып, Қиыр Шығыстағы Магадан қаласында тұрған. Сол жақта қайтыс болады.[3]

Талай жылдар есімі Еуропаға елеулі болғанымен қазақ халқына елеусіздеу болып келген Кеңес Одағының батыры генерал Сабыр Рақымов соңғы жылдарда ғана өз жұртымен қайта қауышты. Батыр атамыз 1965 жылы 6 мамырда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының қаулысымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағын алған. Ол кісінің есімін, ерлік жолын білмейтін қазақ бұл күнде кемде кем. Сабыр Рақымов жарақаттанып, өлім аузында жатқанда, жары Құралайға: «Менің соңғы тілегім – қазақ екенімді дәлелдеуге жұмыс істе. Аманатымды орындамасаң, аруағым разы болмай, көрден екі қолымды көтеріп жатамын!» – деп тапсырған екен. Жарының аманатын арқалап өмірден өткен апамыз Құралай Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының тумасы екенін біреу білсе, біреу білмейтіні анық. Осы жағдайды ел аузынан, көзін көрген кісілерден сұрастыра жүріп баяндағым келіп отыр. Бүгінде киелі Түркістан қаласында тұратын, ғасыр жасауға иек артқан қарақұрлық қарт ұстаз Мелдехан Орынбасаров былай әңгімелейді: «Құралай ханым 1964 жылы Созақ ауданы Қарақұр ауылына келді. Мен ол кезде Ф.Энгельс (бұрынғы Қарақұр) атындағы орта мектепте директор болып қызмет атқаратынмын. Бір күні жұмыс бөлмеме бір қара торы, бидай өңді бір әйел кісі келді. Жүзінде шаршау мен торыққан адамның бет бейнесі байқалды. Амандық саулықтан соң өзін Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан генерал Сабыр Рақымовтың жұбайымын, өзімде майдангермін деп таныстырды да үстелімнің үстіне қол сөмкесін ақтара салды. Сөмкеден көптеген ордендер мен медалдар түсті. Бірақ мен не өзіңкі екенін, яки болмаса генералдың марапаттары екенін білмедім. Шамасы ол кісі өз сөзін ешкімге өткізе, дәлелдей алмай шаршап жүрген сияқты көрінді. –Мен Сабыр Рақымовтың қазақ екенін дәлелдеп жүрген жайым бар, ол кісіні сендер жатсынбай өз бауырларыңа тартсандар деп келдім,- деді. Өзі де әскери адам болғаннан кейін бе, сұсты, сөзі нық, тіке сөйлейтін кісі екен. Ата-бабасының туған жері осы Қарақұр екенін айтты. Кейін сұрастырсақ Созақ өңіріне аты шыққан Нұрман болыс деген кісі болған. Ол кісі қоңыраттың ішінде жетімдер руының Қара деген атасынан болып шықты,-деп бір әңгіменің ұшын шығарды. Жетімдер руының Қара атасынан тарағандар ұрпақтың бірі, бүгінде көзі тірі, кезінде «Лениншіл жас» газетінде әдеби қызметкер болып қызмет атқарған жазушы, ақын Ескермес Жақсымбетовтің аталары болып келеді. Мен Мелдехан ағайға Құралай апаның тегі Натуллаева ғой, ол қалай болғаны?-деп едім ол кісі: Нұрман болыстың атасы Үсенбай датқа деген кісі болған. Шаға ауылының бергі жағында Ағалақ деген жерде Үсенбай датқаның сағанасы бар. Тегінен бастап дәулетті әулет болған екен. Кейін Кеңес өкіметі орнаған кезде олардың ата-аналары Сарыағаш, Келес арқылы Өзбекстанға ауа көшкен екен. Сөйтіп бір әулеттің ұрпағы тарыдай шашылып кетіпті. Дүрбелен жылдары Нұрман болыстың атын атауға қорқып, екінші әкесінің есімін иеленді ме, әлде қандай заманда неше түрлі тағдырдың талайы болды ғой. Түркістандағы балалар үйінде тәрбиеленіпті. Құралайдың заманы сондай болды, ол «Үсенбай датқаның ұрпағымын, Нұрман болыстың қызымын» деп ол кезде айта алмаған. Ал Әліби Жангелдиннің қызымын дегені сондықтан. Ол Қарақұрда туылған. Жылымық кірген соң ғана елге келе бастауы содан деп білемін -деп жауап берді. Ал Ескермес Жақсымбетов Құралай

апаның анасы Гүлбаршын өте сұлу кісі болғандығын. Ол кісі Әліби Жангелдиннің әйелі болғанын, кейін аласапыран кезеңде Құралайдың анасы Түркістанда жүрген кезінде оны Нұрман болыс әйелдікке алып, осы Құралайды дүниеге әкелгенін үлкен кісілер айтып отыратынын және апамыз Нұсқабай деген туыстары қайтыс болғанда келіп кеткендігін әңгімелеп берді. Құралай апа 2002 жылы Созақ ауданына екінші мәрте табанын тірейді. Ол кісінің қолында Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығының төрағасы Қалдарбек Найманбаевтың «Батырдың жұбайы Құралай Натуллаеваға Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін Созақ ауданында туылғандығын растауға көмектесулеріңізді сұраймыз» деп сұранған хаты бар екен. Бірақ құжаттары түгелденбей аудандық сот қанағаттанғысыз етіп шығарып салады. Сол жолы Құралай апа «аудандық әскери комиссариаттың комиссары Мұхамеджан Тоқманбетовтің жұмысына соғып Шымкентке кетеді. Ол кісімен бір таныстығы болса керек. Ауданның военкомы ол кісіні бұрыннан танитын адамдай құрақ ұшып қарсы алады. Сол күні жата жабысып, Мұхамеджан аға Құралай апаны үйіне қонақ етіп шақырып, жібермей алып қалады. Кейін Мұхаң апамызды жақсылап күтіп, арнайы көлікпен шығарып салғанын білдік. Құралай апамыздың Созақ өңіріне жолы 2004 жылы үшінші рет түседі. Алдымен ол кісі сол кездегі облыс әкімі Болат Жылқышевтің қабылдауында болып: «Өзінің осы Созақ өңірінің тумасы екенін, соны дәлелдеу үшін құжат алуға екі рет келгенін айтады. Соған лажы болса көмектесуін сұрайды. Облыс басшысы Созақ ауданының әкімі СозақбайӘбдіқұловқа арнайы тапсырма береді.[] Соғыстан кейінгі жылдары Құралай апамызға қатысты біраз әңгімелер болды. Ташкенде ол кісіге барлық жағдайды жасағанмен, қапаста ұстағандай қатаң бақылауда болған. Құралай апамыздың мықтылығы – радионың тікелей эфирінде: «Сабыр Рақымов – қазақ!» – деп жариялап жіберген. Бауыржан Момышұлы Құралай апамызды арнайы іздеп барып, елге көшіріп алуға көмектескен. Бірақ Өзбекстанның ресми билігі араласып, Құралай Натуллаеваны кері қайтарып алады. Кейіннен Дінмұхамед Қонаев Қазақстанға қайта оралуына ықпал етеді». «Құралай апай туралы ерекше ештеңе айта алмаймын. Өйткені, мен көргенде, ол кісі қартайып, бір сөзінен бір сөзі ауытқып кеткен еді. Соғыс кезінде тұтқынға түскен адамға өткенді еске алу оңай емес. Ол кісі азапты көп көрген. Соғыстан кейін Сабыр Рақымовтың қазақ екенін дәлелдеумен алысып өмірден өтті. Өзбекстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ташкеттен бір түнде көшіріп, басқа бір облысқа орналастырған. Жағдайының бәрін жасаған. Өзбектердің бір ғана талабы – Сабырдың ұлтының кім екені туралы ешкімге тіс жармау керек болған. Бірақ, Құралай апай Қазақстанға қашып келіп, Алматының іргесіндегі біреудің тауық кеше сияқты жаман саяжайында жалғыз өзі бірнеше жыл тұрыпты. Алтыншаш Жағанова көші-қон басшылығында жүргендөж, сол кездегі Алматы қаласының әкімі Храпуновқа арнайы хат жазып, оралман ретінде Құралай апамызға үй алып беруге көмектескен екен. «Бауыржан Момышұлы Құралай апамызды елге көшіріп алып келіпті» деген жаңсақ сөз болуы мүмкін. Бірақ, Баукең Сабыр мен оның әйелін қатты құрметтегені рас», – дейді Лұқпан Бәшенов.[3]

Аудан әкімдігінің бұрынғы аппарат жетекшісі Бақытжан Айтбаев: «Мен ол кезде аудан әкімі аппаратының жетекшісі қызметін атқаратын едім. Құралай апай аудан әкімінің қабылдауына келген екен. Аудан басшысы ол күні Шымкент қаласына іс сапарға кеткен болатын. Содан кейін апамызды өзіммен бірге үйге шақырып, қонақ еттім. Өзім жаңадан отбасы құрған едім. Кішкене сәбіміз бір жаста еді. Келіншегім Айгүл Бахрамқызы қонақты құрақ ұшып қарсы алды. Апамыздың барынша жағдайын жасаған болып жатырмыз. Алдымен ол кісі тірлігінің біткеніне көңілін демдеді ме жақсылап темекісін бұрқыратып шегіп алды. Әңгімесінде күйеуі Сабыр Рақымовпен соғыс кезінде танысқанын айтқан. Екеуі 1941 жылы Сталиннің қабылдауында болыпты. Генералдың жеке өзіне Сталиннің сыйлыққа берген қанжары, кавказ халқы сыйлыққа берген алтын ер тоқымы болған екен. Өзағандар мемлекеттің мұражайына қоямыз деп алып қойыпты. «Төркін жұртыма, атамекеніме ризамын. Созақ деген киелі жер ғой. Көп надандар киелі жердің қадірін біле білмейді, – деп әлдекімдерге ренжіп орысшалап сықпыртып алды. Бет-жүзге қарамайтын турашыл адам екен. Сол күні үйде болып тұн ортасы ауғанша көп әңгімелер айтты. Бір ұл, бір қызы бар екен. Егер де менің орнымда журналист маманы болғанда көптеген мәліметтер мен мағұлматтарға қанығар еді. Таңертең аудан әкімінің қабылдауына кіргіздім. Аудан басшысы мән-жайды байыптаған соң аудандық сотпен хабарласты, – деді.

Бұл жөнінде 2004 жылы Созақ аудандық сотының төрағасы болған Темір Балкен былай дейді: «Сол жылы маған аудан әкімі Созақбай Исаұлы хабарласып, өзінің қабылдауында генерал Сабыр Рақымовтың жұбайы Құралай Натуллаева отырғанын, ол кісіге Созақ ауданының тумасы екенін айғақтайтын құжат керек екенін, сол себепті апайды әуреге салмай лажы болса өтінішін қанағаттандыруын айтты. Әрине, Құралай апайды бүкіл қазақ ұлты сыйлайды ғой. Оның үстіне осындай елдің анасына құрмет көрсетіп, өтінішін орындауда үлкен бақыт емес пе! Тірлігін көп уақытқа созбай Қарақұр ауылынан екі кісі келіп Нұрман деген атамыздың қызы екендігін растап куәлік берген соң, қажетті құжаттарын дайындап бердім. Батыр ана ақ батасын беріп, риза болып аттанды, – деді.

Жалпы дерегімізде Құралай Натуллаева туралы жазылған Серікқали Жексенбаевтың «Оңтүстік Қазақстан» газетінен, тақырыбы «Құралайды көргенім» атты негізгі дерек көзді таптық. Онда былай делінген:

«Құдай сәтін салса, бәрі де оңғарыла кетпей ме, генерал Сабыр Рақымов туралы баспасөзде жарық көрген мақалаларды жинастырып жатқанда ойыма Құралай Натуллаевамен қай жерде, қалай кездескенім есіме түсе кеткені... Бұл бұдан 24 жыл бұрын болған оқиға еді. Жаңылмасам, 1998 жылы шілде айының ішінде Қазығұрт ауданының Көкібел ауылында тұратын Аманкелді Құралов деген туысымыздың 57 жасында қайтыс болғанын естіп, тез жеттік. Абыройлы азаматтың жаназасына қарақұрым халық жиналған-ды. Тек біз сияқты құда-жекжат, ағайын-туыстары, әріптестері ғана емес, аудан, облысты былай қойғанда, жаназаға Алматы мен Астанадан да арнайы келгендер аз болмады. Кезінде бірнеше мектепте директордың оқу-тәрбие жұмыстары

жөніндегі орынбасары, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарған ардақты азамат бертінде Абай, Энгельс атындағы және «Қызыл ата» мектептерін басқарған көпке сыйлы кісі еді. Алдында ғана «Ташкент қаласында күрделі операция жасатып қайттым» деп Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр ауылындағы нағашы жұртына қонақ болып қайтқан еді. Отаның да шарапаты тимеді білем, ұзаққа созылған ауру ақыры алып тынды. Қаралы жиында өңірімізге белгілі ел ағалары тебірене сөйлеп, марқұмның жасаған жақсылықтары мен өрелі істерін өнеге етті. Ер азаматтардан кейін орташа бойлы, қараторы, үстіне костюм киген егде жастағы әйел кісі ортаға шықты. Әдетте, азалы жиында әйел адамның сөйлеуі сирек. Кеудесі ордендер мен медальдарға толы ол кісінің генерал Сабыр Рақымовтың майдандас серігі әрі әйелі Құралай Натуллаева екенін бірден таныдым. Бұрын теледидардан көріп жүрмін, газеттегі суретінен білем ғой. Әскерилердің командалық дауыспен көтеріңкі сөйлеу – ежелгі дағдысы. Сол мақамына басып, жиналған жұртшылықты аузына қаратты. Оның сол жиындағы әңгімесі күні бүгінгідей құлағымда сайрап тұр[4. 92б].

Қорытынды:Кешегі Шәмші әнге қосқан Теріскей әніндегі Қарақұр ауылы ежелден киелі мекендігімен қатар, шежірелі тарихы бар өңір.Көне замандағы Қарақұр қаласының орны әлі күнге сырын бауырына бүгіп жатыр. Құралайдай асыл ананың қасиетті Қарақұр өңірінде дүниеге келуі заңдылық сияқты. Сол себепті Құралай апамызға Нұрманқызы деген өз тегі қалпына келтіріліп, ол кісінің есімі ардақталса деген көпшіліктің тілеуі бар. Құралай Нұрманқызының майданға ерлік жолдары да көп зерттеулер мен тың деректер қорын жинақтауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абуев Қ.К., Жапекова Г.К. ГубайдуллаУалиханов: жизнь и общественно-политическая деятельность. – Алматы, 2019. – 175 с.
2. ХафизоваК. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Монография. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. – 476 с.
3. Қосымша ақпараттар:<http://sabyrrahymov.asia.kz/>
- 4.Құралов А.Қ. Қазығұрт Қыраны.– Алматы, 1999.– 332 б.
5. Ақпарат көзін беруші: Құралай Натуллаеваның туысы,жерлесі Шұғыла Құралова

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭВАКОГОСПИТАЛЬДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Тынышбаева Ж.Т.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Абишева Ж.Р.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
astanaastana08@mail.ru

Астана қ.

Соғыс тақырыбы қай кезде де өзекті. Себебі елінің бостандығы үшін майдан даласында мерт болған жауынгерлерді қастерлеп, есте сақтау қай халықтың болмасын қасиетті де мызғымас дәстүрі. Майдангер жауынгерлердің ерлігін жас ұрпақтың жадында мәңгі сақтау мақсатында ескерткіштер орнатылып, көшелер мен елді мекендерге есімдері берілді. Соғыс жылдарындағы халықтың жағдайы мен майдан даласындағы жауынгерлердің ерлігін баяндайтын бірқатар кинофильмдер түсіріліп, жазушылар мен композиторлардың шығармалары, бірқатар майдангерлердің естеліктері жарыққа шықты. Соғыс тақырыбындағы естеліктердің ішінде, әсіресе, маршалдар К.Г.Жуков, А.М.Василевский, И.С.Конеv пен аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының естеліктері құнды дерек көздері болып табылады. Бұл естеліктерде соғыстың алғашқы айларындағы майдан даласындағы ауыр жағдай, жауынгерлердің психологиясы шынайы беріледі. Әлбетте, Ұлы Отан соғысы тақырыбын қозғаған кезде республиканың жеңіске қосқан үлесін айтып кетпеуге болмайды. Соғыстың алғашқы айларында-ақ Қазақстанда бірнеше дивизиялар мен бригадалар жасақталып, бірден майданға аттандырылды. Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы Москва үшін болған шайқаста асқан ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. 28 панфиловшылардың қатарындағы қазақтар Н.Есболатов, Ә.Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сенгірбаев қаланы қорғай отырып, өздерінің рухты халықтың жауынгер ұлдары екендігін дәлелдеді.

Москва түбіндегі шайқасты айтқан кезде Кремльдің жанына қойылған белгісіз жауынгердің қабірі еріксіз еске түседі. Белгісіз жауынгердің басына «Есімің сенің беймәлім, ерлігін бар өлмейтін» деп жазылған. Ол қаһарман генерал И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның шайқасқан мекендердің бірінен алынған белгісіз жауынгердің сүйегі. Мүмкін, ол саяси жетекші Рашит Жанғозиннің денесі болар, әлде автоматшы Төлеген Тоқтаровтың қабірі болар? Мүмкін, ол Крюково түбіндегі шайқаста қаза болған саяси жетекші Жолмұхамед Бозжанов па? Қалай болғанда да ол майдан даласында опат болған барша қаһарман жауынгерлерге бағышталған қасиетті қабір. Оның басына жаққан мәңгі от Отан үшін жанын пида еткен барлық кеңес жауынгерлеріне Отанның маздатып жаққан шырақ шамы.